

ӘОЖ 37.018.11

К.С. Бутенова, педагогика ғылымдарының магистрі

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

E-mail: butenova1975@mail.ru

Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге даярлау мәселесінің кейбір қырлары

Аңдатпа. Мақалада жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге даярлау мәселесінің кейбір қырлары қарастырылады. Қазіргі таңда қоғамның отбасы мен некеге деген ықыласы бұрынғыдан да маңызды болып отыр. Бұл ықылас отбасының адами тіршілік әрекетінің барлық аясымен байланысқан. Қоғамның орнықтылығы және оның ішкі байланыстарының басымдылығы отбасы институтының жағдайына тәуелді болады.

Түйінді сөздер: отбасы, неке, отбасылық өмір, қоғам.

Біздің қоғамның маңызды мәселелерінің бірі – отбасы тұрақтылығын, отбасылық қатынасты нығайту, отбасы-некелік өмірге жастарды даярлауды жетілдіру. Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында және Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз жергілікті деңгейде де отбасын, әйелдің жүкті кезін және балаларды тәрбиелеуді қолдаудың жаңа жолдарын табу керекпіз. Неке мен отбасы институтын нығайтудың жолдарын мұқият талдау, жалғызбасты аналар проблемасын шешу керек. Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ал ең бастысы, балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз. Ата-аналар балаларына, ал балалар өздерінің қартайған ата-аналарына қамқор болғанда, әйел отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда – еліміз үшін алаңдамауға да болады. ... Қандай жағдай да, әйелдің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін отбасын жоспарлаудың өркендету жолына түсуіміз керек. Жас шамасына қарай жүргізілетін саясатта біз жастар мен жеткіншек ұрпаққа, сондай-ақ жас отбасыларға көңіл бөлуді күшейтуге тиіспіз», – деп атап көрсетті [1].

Осы мәселеге орай біз білім жүйесінің қоғамдық өмірдің барлық саласына, сондай-ақ отбасына да тигізетін ықпалы мол екенін айтқымыз келеді. Білім жүйесі жалпы білім беретін мектеп деңгейінде белгілі пәндерді ұйымдастырып, отбасы және некенің бірлігін сақтауға мақсатты түрде көмектесуі қажет. Өйткені отбасы – қоғам жұбында ең маңызды орта. Қазіргі уақытта мектеп бірінші кезекте баланың парасатты өсуіне бағыт алып, жеке бастың жан-жақты қалыптасып, өнегелі дамуына көңіл бөліп, бірақ оқушыларды отбасы өміріне даярлау аспектісін ұмыт қалдыруда.

Отбасы-некелік қарым-қатынастың мәдениетіне тәрбиелеу көп факторлардың әсерімен болады. Қазіргі ғылымның міндеті олардың сырын ашып қана қоймай, ғылыми басқарудың жолдары мен әдістерін көрсету болып табылады.

Бұл проблемалар, қандай білім болса, сондай отбасы қалыптасады дегендей, отбасы мәселесі көп зерттеушілердің нысанына айналды.

Педагогтар, философтар, тарихшылар, демографтар, әлеуметтанушылар, психологтар және басқа да мамандардың зерттеулерінде олар өз аспектілері тұрғысынан қарайды, бірақ педагогикада «оқу», «тәрбие» ұғымдары әрқашан да өзекті проблема болып қала береді. Білім жүйесі іс жүзінде отбасы мәселесіне бармайды, ал отбасы қажетті шамада білім жүйесімен жалғаспайды. Нәтижесінде бейтарап алаң пайда болады, дәл осындай алаңда жеке бастың әлеуметтану проблемасының бірі, атап айтқанда, білімнің әлеуметтік қызметі ретінде жастарды отбасы өміріне даярлау болып табылады. Отбасылық тәрбиенің жалпы теориялық, педагогикалық, психологиялық негізін жасауда көп үлес қосқандар: А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, Ы. Алтынсарин, М. Жұмабаев, К.Д. Ушинский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский.

Отбасылық өмірдің ерекшеліктері, некелік қатынастардың сырлары туралы білімдер мен көзқарастар Г. Исаева, Б. Қожабекова, А. Жүнісов, Ж. Байжанова, И. Қарақұлов т.б. еңбектерінде ерекше аталып көрсетілген.

Отбасына байланысты Ресейлік және шет елдік ғылымда қойылған негізгі проблемаларды талдаудың белгілі тәжірибесі бар. Отбасы мен неке мәселелері А.Г. Харчев, В.А. Сысенко және басқа да ресейлік ғылымдардың еңбектерінде қаралған. Шет елдік мамандардың ішінде Т. Парсонс, К. Витек және т.б. зерттеулерінде ашылып көрсетілген.

Жастарды отбасын құруға және болашақ ерлі-зайыптылардың міндетін орындауға дайындау мақсатына бағытталған тәрбие жұмысын жүргізу керек. Бұл тұрғыда педагогика және отбасы әлеуметтануында көп жұмыстар жасалынды. Болашақ отбасы иесін даярлау проблемасының педагогикалық аспектілері И.В. Гребников, Л.М. Панкова және басқалардың еңбектерінде берілген. Бұдан басқа жыныстық тәрбие проблемалары И.С. Кон, В.Е. Каган зерттеулерінде бейнеленген [2].

Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге даярлауда халықтық салт-дәстүрді пайдаланудың маңыздылығы Ж. Сакенов еңбегінде ерекше көрсетілген [3].

Білім беру жүйесі қызметінің бірі ретінде жастарды отбасы-некелік өмірге даярлауды зерттеу үшін отбасы проблемаларын, оның пайда болуын, эволюциясын білу қажет. Қазақстанның бүгінгі өзгермелі, даму үстіндегі әлеуметтік жағдайында отбасының даму үрдісін бақылап отыру және жас ұрпақты отбасы-некелік өмірге даярлауда осы үрдісті ескере отырып жүзеге асыру өте маңызды. Отбасының не екенін, отбасының қандай түрлері барлығын, отбасының қандай әлеуметтік қызмет атқаратынын, ол қызмет тарихи процесте қалай өзгеріп отыратынын және отбасы мәселелерінің болашағы қандай екенін білмей, келешек отбасы иесін даярлауға тиімді ықпал етуге болмайды.

Білім беру жүйесінің жаңа ережесі әлеуметтенудің басқа, жаңа үлгілері бар екенін болжайды. Мысалы, Қазақстан халқының мұнан былайғы экономикалық негізде болып жатқан әлеуметтік және мәдени ерекшелігі – қазіргі жалпы білім беретін мектепті қиын жағдайдан құтқарудың бір жолы болып отыр. Одан басқа мемлекет пен басқа мекемелердің арасындағы қарым-қатынастың өзгерісі – жалпы білім беретін мектеп пен басқа мекемелердің арасындағы қарым-қатынасқа айқын қарауды талап етеді.

Қазіргі таңда қоғамның отбасы мен некеге деген ықыласы бұрынғыдан да маңызды болып отыр. Бұл ықылас отбасының адами тіршілік әрекетінің барлық аясымен байланысқан. Қоғамның орнықтылығы және оның ішкі байланыстарының басымдылығы отбасы институтының жағдайына тәуелді болады.

Отбасы қазір қандай болса, бұрын да сондай маңызды болған және әр уақытта әлеуметтік қоғамда субъект те, объект те болып, өзінің табиғатын үнемі өзгертіп, адамзат тарихында әлеуметтік міндеттерді шешудің әрқашанда алдында жүрді. Отбасы мен некенің институты осы өзгерістерде қаншалықты өз сапасының жаңасын тауып, ескісін жоғалтатыны қоғам мен мемлекеттің өзара қатынасына байланысты. Отбасы мемлекеттің орнықсыздық жағдайында өз табиғатының белгілі бір тұрақтылығын жоғалтты.

Жаңа шарттар отбасына ұтымды, дұрыс көзқараста қарауды мәжбүр етеді. Отбасы ақпаратты қоғамда ерікті жүріс-тұрыс формасында әлеуметтіліктің қоғамдық типіне негізделеді, онда отбасы мүшелері тең, азат, осыдан олардың арасындағы құмарлық – табиғи байланысты емес, ұтымды, талғап алатын қарым-қатынас пайда болады. Осының негізінде отбасына қоғам тарапынан қатынас та өзгеруі тиіс.

Қазір отбасына деген көзқарас қандай? Сәбидің дүниеге келуінің төмендеуі, ажырасу санының көбейуі және осыған байланысты баланың панасыз да қараусыз қалу санының өсуімен қатар отбасына әлеуметтік құлдырау қауіпті барынша төнеде. Некеге тұру мерзімі 28-30 жасқа дейін созылды. 18 жасқа дейінгі балалардың тек төрттен бір бөлігін ғана сау деп есептеуге болады. Ата-аналардың көбі балаларын жатсынуынан дарашылдық пиғылдың етек алуы, балалардың бетімен кетуі және т.б. байқалған дағдарыстан шығудың жолын қарастыру туралы түсінігі жоқ. Одан басқа ақыл-ой және мүше дамуының кемшілігі бар балалар саны өсті. елде нашақорлық өсіп барады, балалар маскүнемдігі азаймай отыр, СПИД ауруы қатты қауіп-қатер төндіріп тұр.

Бұл жағдайдың негізгі себебі – елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендеуі. Алайда тек қоғам отбасына әсерін тигізбейді, отбасы да қоғамға өз тарапынан ықпалын тигізеді. Сондықтан жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудағы басты педагогикалық іс-әрекет – отбасы туралы көзқарастарын қалыптастыру, отбасы туралы толық білім беру және отбасындағы үлгілі іс-әрекеттерге тәрбиелеу болып табылады.

Отбасы мен неке туралы ғылыми әдебиеттерде жыныстық қызметті биологиялық құбылысқа жатқызу қабылданған. Алайда отбасындағы жыныстық қызметті көбірек, толық қарастырсақ, ол биологиялық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік қызмет екенін, бұл отбасындағы басқа әлеуметтік қызметтермен қатар қоюға құқық береді деген қорытындыға келуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстанның 2030 стратегиялық бағдарламасы. – Режим доступа: <http://stud24.ru/economic/azastan-respublikasyny-2030-strategiyaly-damu/390444-1316100-page1.html> (Дата обращения 11.09.2017).

2 Каган В.Е. Воспитателю о сексологии. М., 1991. С. 39–40. Буракова М.В. Интерпретация маскулинности-фемининности внешнего облика женщины. Дис канд. психол. наук. – Ростов-на-Дону, 2000. – С. 17–20.

3 Сакенов Д.Ж. О формировании половой ориентации старшеклассников // Педагогический вестник Казахстана. – 2006. – №1. – С. 96–108.

REFERENCES

1 Kazakstannyn 2030 strategiyalyk bagdarlamasy. – Rezhim dostupa: <http://stud24.ru/economic/azastan-respublikasyny-2030-strategiyaly-damu/390444-1316100-page1.html> (Data obrashcheniya 11.09.2017).

2 Kagan V.Ye. Vospitatelyu o seksologii. M., 1991. S. 39 — 40. Burakova M.V. Interpretatsiya maskulinnosti-femininnosti vneshnego oblika zhenshchiny. Diskand. psikhol. nauk. – Rostov-na-Donu, 2000. – S. 17–20.

3 Sakenov D.Zh. О формировании половой ориентации старшеклассников // Педагогический вестник Казахстана. – 2006. – №1. – С. 96–108.

РЕЗЮМЕ

*К.С. Бутенова, магистр педагогических наук
Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)*

Некоторые аспекты проблемы подготовки старшеклассников к семейной жизни

В статье рассматриваются некоторые аспекты подготовки старшеклассников к семейной жизни. В настоящее время актуальными для общества становятся вопросы понимания семьи у вступающих в брак, что связано с жизнедеятельностью семьи. Устойчивость общества зависит от приоритета и состояния института семьи и его внутренних связей.

Ключевые слова: семья, брак, семейная жизнь, общество.

RESUME

*K.S. Butenova, master of education sciences
Innovative University of Eurasia (Pavlodar)*

Some aspects of the problem of preparing high school students for family Life

In the article some aspects of preparation of high school students for family life are considered. At present, the issues of understanding the family of those entering into marriage become urgent for the society, which is connected with the life activity of the family. The stability of society depends on the priority and state of the institution of the family and its internal links.

Key words: family, marriage, family life, society.